

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
80 жылдығына және философия ғылымдарының докторы,  
профессор Молдабеков Жақан Жанболұлының  
70 жылдық мерейтойына арналған

## «ҚАЗАҚТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯ»

халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары



Материалы международной научно-теоретической конференции

## «ҚАЗАҚТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯ»,

посвященной 80-летию  
Казахского национального университета имени аль-Фараби  
и 70-летию видного ученого,  
доктора философских наук, профессора  
Молдабекова Жахан Жанболовича

Алматы 2013

**СЕКЦИЯ 4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ ЖӘНЕ РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ/КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ И ДУХОВНОЕ  
ОБНОВЛЕНИЕ**

*Модератор Жолдубаева А.К., секретарь Кадыралиева А.*

1. **Аманжолова С.Б.**, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті  
– *Ш.Уәлихановтың қазақ руханиятындағы Әлеуметтік-мәдени көзқарастары*
2. **Ермекова Г.С., Нарботаева Д.Қ.** *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақтың рухани мәдениетіндегі ұлттық идея*
3. **Картенбаева К. М.** (Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжісінің ұстазы, Респ., және Халықаралық байқаулардың лауреаты, өнертану магистрі) – *Өнер саласындағы ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуде студенттің шығармашылық қабілетін дамыту*
4. **Mark Owen Webb** Texas Tech University, USA – *Diversity, Hizmet and Hoşgörü: the Philosophical Foundations of the Gülen Movement*
5. **Қантарбаева Ж.О.** дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. **Тұрманбетов О. М.** Қ.Сұлтанбеков атындағы №21 орта мектептің директоры – *Қазіргі Қазақстан қоғамындағы руханилық пен ұлттық құндылықтар мәселесі*
6. **Құрманалиева А. Д.** ф.ғ.д., профессор, **Датка Ж. Д.** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы. – *Қазақтану: қазақ мәдениетіндегі тектілік*
7. **Көмекова М.О.** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты- *Мәдениет пен өркениет ұғымдарының айырмасы*
8. **Серікқызы М., Бөртебаева Акерке** Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы. – *Интеллектуалды ұлт мұраты*
9. **Жарас Сейітқұр** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жалпы және этникалық психология кафедрасының доценті, психол. ғ. кандидаты – *Индигендік психологияның қазақстандағы ролі*
10. **Садықова А.Т. Ким А.М.** – *Стремление к духовному здоровью как условие успешной личности*
11. **Тастанкуллов Е. С., Макарова Я. О.** – *Духовное воспитание как фактор обогащения казахстанской молодежи*
12. **Байдаева А. К.** Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, докторант кафедр Философии – *Национализм и язык*
13. **Сарсембина К. К.** т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология кафедрасының доценті – *Әлемдік өркениет және қазақ мұддесі*
14. **Шамахай С.** Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.- *Моңғолия қазақтарының рухани өміріндегі діни әдеп жүйесінің ерекшеліктері*
15. **Токсанбаева Н.К.** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-н жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры, п.ғ.д., **Токсанбаева А.Қ.** Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқытушысы – *Қарым-қатынас – аданың әлеуметтенуі мен туғалану сапаларын қалыптастырудың маңызды шарттары*
16. **Турсыжанова Р.К.** Казахский экономический университет им. Т.Рыскулова г.Алматы – *Традиция как феномен амбивалентности*
17. **Әзімбай Асаров** ф.ғ.д., профессор, **Үмбетхан Сәрсембин** ф.ғ.к., К. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы - *Міржақып Дулатов мұрасы – қазақ мұраты*
18. **Садықова А.М.** докторант 2 курса факультета истории, археологии и этнологии, **Кадыралиева А.М.**, докторант 2 курса факультета Философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби – *Религиозный экстремизм в Казахстане: причины и факторы*
19. **Ирина Колева** – *«Теория, раскрывающие содержание и выбор методологии этносоциально-педагогических мониторинговых исследований: сравнительный анализ по странам Европы»*
20. **Кусаннов А.С.** – *Родина в незавершенной личной истории. Истоки патриотизма.*
21. **Өмірбекова Ә.** ф.ғ.к., доцент Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – *Тәуелсіздік және рухани мәдениет: мемлекет дамуының алғышарты*

кажет. Ол білім мен ғылым. Білім мен ғылымды даыту, өркендету – білім қоғамының басты міндеттері.

Интеллектуалдық қоғам жолында дамып келе жатқан Қазақстанда аталған отырған мәселелер бізге жанаша міндеттер жүктеуде. Қазақстанға ұлттымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды құбылыс қажеттігі осыдан үш жыл билик тарапынан бұрын атала бастады. Және ол аяқсыз қалмастан мемлекеттік саясаттың басты векторына айналады деген үміт бар. Сондықтан да жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндылықтарына негізделген руханиятты қоғам құру әрбіріміздің міндетіміз. [4].

#### Әдебиеттер:

1. Жарымбетова Н. Толағай табыс тәртіпін пен тәрбиенен басталады / Егемен Қазақстан, 2009. – 31 қазан
2. Fat W.K., Lord R.A., Wolfenbarger J.L. Economic Freedom, Political Freedom, and Well-Being: A Causality Analysis. Cato Journal, Vol. 18, No 2. – 1998. – 248-262 P.
3. Teixeira A., Núñez Guerrero I. On the Link between Human Capital and Firm Performance. A Theoretical and Empirical Survey. Portugal. PEF Working Paper No. 131, November. 2002. – 38 P.
4. Гумилев Л.Н. Конец и начало. – М., 1994. – 541 с.

### ИНДИГЕНДІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗАҚТАНУДАҒЫ РӨЛІ

Сейітұр Ж.

ал-Фараби атындағы ҚазҰПУ

жасам және этикалық психология

кафедрасының доценті, психология ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әр ұлттың, этностың өзін-өзі тануға деген ұмтылыстары арта түсуде. Бұл танымдық құлшыныс пен қызығушылықтың сыры әркімге түсінікті де. «Дүниені тану үшін әуелі өзіңді таны» деген ұстаным тіпті қанатты сөзге айналып та үлгерді. Алайда, қазақты танып-білуге кәсіпті бұл ұстанымның орындалуы әдеттен тыс (парадокс) жағдайды көрсетіп отыр. Қазақтың ұлттық психологиялық ерекшелігін, мәдениеті мен тарихын өзінше бұрын өзгелер жақсы зерттеуге тырысқан екен. Әрине, олардың шынайы мақсаттары мен мотивтері өздеріне ғана мәлім болар. Мысалы, Ресей империясы құрған Орыс Географиялық Қоғамының басты міндеті анық әрі өзінің географиялық деректер мен мәліметтерді жинау делінгенімен оның жерге негізін қиясы Сібір мен Орта Азия, соның ішінде Қазақстанды игерудемін деген мақсаты белгілі. Жергілікті информанттың қажеттілігіне байланысты Орыс Ғалымы П.П. Семеновтың ұсынысымен ұлты қазақ Шоқан Уәлиханов Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының толық мүшесі болып қабылданды да. Осы тәрізді Ұлыбританияның отарлау саясаты мұрағатына қарамағандағы халықтарды (колонияны) зерттеуден бастаған еді. Мемлекеттік саясаттың өзі белгілі бір ғылым саласына деген сұранысты туындады.

Ағылшын әлеуметтік (мәдени) антропологиясы әлемдегі ықпалды бағыттардың біріне айналды. Эдуард Тэйлор (1832-1917), Джеймс Фрэзер (1854-1941), Альфред Рэдклифф-Браун (1881-1955), Бронислав Малиновский (1884-1942) және т.б. британдық ғалымдардың есімдері мен еңбектері әлемге әйгілі болды.

Бүгінгі таңда жаһандану процесі объективті құбылыс болып отырғандықтан одан енді еш қашып құтыла алмайтынмыз айқын. Уақыттың осы бір көкейкесті әрі парменді талабына әрбір этнос, ұлт өзінің жауап беруде. Біреулері оның ағымына еш қарсылықсыз мойынұсынса, ал өзгелері өзіндік тотумалылықты сақтап қалу үшін жанталасуда. Мойындауымыз керек: саным аз әрі этномәдениеті әлсіз халықтардың жаһандануға төтеп бере алуы қиын. Тіпті мүмкін еместей де көрінеді. Оның үстіне, айтарлықтай кезең аралығында отаршылдық қамытын киіп табиғи дамуы тежелген қазақ сияқты халықтардың айналаудауының да жөні бар. Советтік «балқыту қазанында» ассимиляциялық үрдіске ұшыраған қазақтар XX ғасырдың соңында егемендігін жариялап саяси тәуелсіз мемлекет ретінде өсіп енді жиган кезде жаһандану сияқты күрделі құбылысқа тап болып отыр. Саяси элита көптеп қалмау үшін ұлттық жаңарту (модернизация) шараларын қолға алуда мәжбүр болды. Оны дұрыс делік-ақ. Алайда қазақтың ұлт ретінде өзіндік кескіп-келбеті мен ерекшеліктері болуы тиіс емес пе? Психологтар адамның, тұлғаның жеке даралығынан бөлек «этностаралық» ұғымын бөліп көрсетеді (Хотинцев В.Ю).

Сонымен, біз – қазақтар кіміз? Өзгелерден айырмашылығымыз неде? (Әуелі ұлт өзін-өзі танып білуі тиіс. Мықты жағмыз бен осал тұстарымыз қандай? Ұлттық менталитет, философиямыз, мәдениетіміз туралы не айта аламыз? Бізді қазақ қылатын не нәрсе? Индивидуі («охомо сапиенті») белгілі бір ұлт өкіліне («охомо этнос я национга») айналдыратын қандай фактор? Генетика әлде этномәдениет? Ұжымдық бейсаналық (архетип) әлде ұлттық өзіндік сана? Қазақ болып туу жеткілікті ме әлде қазақ болып қалыптасу қажет пе? Осыны анықтамай ұлттық топтасу, бірігу оңай емес. Содан кейін барып өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту маңызды. Бұл ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті болып табылады. Әр этнос тарих субъектісі ретінде өзіне тән этномәдениет туырады. Ол өңделіп өзгертілген түрде сол этнос өкілдерінің өзіндік санасында көрініс табады. Жалпы адамдар тобының номиналды бірлігінің арасында не тұрғаны зерттелуі тиіс. Этномимнің болуы сол қауым өкілінің этностық өзіндік санасы бар екендігін білдіре ме? Бұл этностық маркер реалды психологиялық бірліктің (құрылымның) қалыптасуы үшін жеткілікті ме? Бұл сұрақтар төңірегіндегі ойларымызды осыдан бірнеше жыл бұрын «Ақиқат» журналында арнайы мақала ретінде жариялаған едік [1]. Алайда уақыт өте келе бізін көлемінің өзгеруіне және жаңа факторлардың пайда болуына байланысты өзін бірақтар толықтырулар енгізу қажет сияқты. Көзқарастардың эволюцияға ұшырауы заңдылық болғанымен іргелі нәрселер еш уақытта өзінің маңызын жоймайды. Құдді үлкен топтардың ішінде неғұрлым тұрақтысы, өміршең мәдениеті христандық, буддалық не мұсылмандық сияқты ірі мәдени – өркендетуші ықпалды емес, тек этнос екендігі мойындалды. Адамзат тарихында небір

